

Қазақстан Республикасының білім, мәдениет ұйымдарын, темір жол станциясы мен су құрылысын атау және қайта атау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 31 тамыз N 1325

"Қазақстан Республикасындағы кәсіпорындарды, ұйымдарды, мекемелерді, темір жол станцияларын, әуежайларды, сондай-ақ физикалық-географиялық объектілерді атау мен қайта атаудың және олардың атауларының транскрипциясын өзгертудің тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы N 281 Р960281_ қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы кәсіпорындарды, ұйымдарды, мекемелерді, темір жол станцияларын, әуежайларды, сондай-ақ физикалық-географиялық объектілерді атау мен қайта атаудың және олардың атауларының транскрипциясын өзгертудің тәртібіне сәйкес және Ақмола, Алматы, Батыс Қазақстан, Жамбыл, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан облыстары әкімдерінің ұсыныстарын ескере отырып Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1-қосымшаға сәйкес білім, мәдениет ұйымдарына және су құрылысына

есімдер берілсін.

2. 2-қосымшаға сәйкес білім және мәдениет ұйымдары, темір жол станциясы қайта аталсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2000 жылғы 31 тамыздағы
N 1325 қаулысына
қосымша

Көрнекті тарихи тұлғалардың, белгілі мемлекет және қоғам қайраткерлерінің, аса көрнекті ғалымдардың, жазушылардың, ұстаздардың есімдері берілген білім, мәдениет ұйымдарының және су құрылысының тізбесі

Ақмола облысы бойынша

Ерейментау аудандық Мәдениет үйіне - Үмбетей жыраудың есімі;
Ерейментау ауданындағы Новомарковка орта мектебіне Социалистік Еңбек Ері Балабек Жахиннің есімі;
Еңбекшілдер ауданындағы Қоғам орта мектебіне - қоғам қайраткері Шәймерден Қосшығұловтың есімі;
Қорғалжын ауданындағы Сабынды орта мектебіне - ғалым Әнуәрбек Үсеновтің есімі;
Ақкөл ауданындағы Калинин орта мектебіне - Социалистік Еңбек Ері Айтпай Құсайыновтың есімі;

Алматы облысы бойынша

Райымбек ауданындағы Шырғанақ ауылының Шырғанақ орта мектебіне - Социалистік Еңбек Ері Іңкәрбек Жұмағұловтың есімі;
Талдықорған қаласындағы Алматы облыстық драма театрына - Қазақстан Республикасының халық әртісі Бикен Римованың есімі;
Алакөл ауданындағы Үшқайың орта мектебіне - Әнуар Әлімжановтың есімі;
Балқаш ауданындағы Желтораңғы орта мектебіне Дінмұхамед Қонаевтың есімі;

Батыс Қазақстан облысы бойынша

Ақжайық ауданындағы Қызылжар орта мектебіне - Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мұғалімі Ғабдолла Махамбетовтің есімі;
Ақжайық ауданындағы Чапаев мектеп-гимназиясына - Абай Құнанбаевтың есімі;
Ақжайық ауданындағы N 2 Чапаев орта мектебіне - Мұхтар Әуезовтің есімі;
Таскала ауданындағы Камен орта мектебіне - Кеңес Одағының Батыры Садық Жақсығұловтың есімі;
Казталов ауданындағы Талдықұдық орта мектебіне - Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мұғалімі Сүлеймен Есетовтің есімі;

Жамбыл облысы бойынша

Тараз қаласындағы N 50 орта мектебіне - Өмірбек Жолдасбековтың есімі;

Қарағанды облысы бойынша

Нұра ауданындағы Шахтер орта мектебіне - педагог Қайып Шайменовтың есімі;

Ақтоғай ауданындағы Ақтоғай аралас орта мектебіне - Күләш Байсейітованың есімі;

Ақтоғай ауданы Шабанбай ауылдық округіндегі Қаратал орта мектебіне - Әлімхан Ермековтің есімі;

Қостанай облысы бойынша

Әулікөл ауданындағы N 3 Семиозер орта мектебіне - Кеңес Одағының Батыры Илья Яковлевич Сьяновтың есімі;

Қызылорда облысы бойынша

Шиелі ауданының Н.Бекежанов ауылындағы Мәдениет үйіне - жазушы-драматург Оразбек Бодықовтың есімі;

Жалағаш ауданының Еңбек ауылындағы N 232 орта мектепке - фольклоршы-ғалым Мардан Байділдаевтің есімі;

Қазалы ауданындағы Басықара су тоспасына - Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген гидротехнигі Әбубәкір Тыныбаевтың есімі;

Шиелі ауданы Ыбырай Жақаев ауылындағы Мәдениет үйіне - Мейірман Нұрекеевтің есімі;

Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша

Түркістан қаласындағы N 18 орта мектепке - жазушы Жұмабек Еділбаевтың есімі;

Отырар ауданындағы N 20 кәсіптік-техникалық мектепке - 1930 жылдардағы қуғын-сүргін құрбаны, қоғам қайраткері Дәуренбек Құрманбектің есімі;

Шымкент қаласындағы N 38 мектеп-гимназияға - Нұртас Оңдасыновтың есімі;

Сарыағаш ауданы Абай ауылдық округіндегі N 74 орта мектепке - Жүсіп

Баласағұнның есімі;

Шығыс Қазақстан облысы бойынша

Жарма ауданы Шар қаласындағы N 63 мектеп-гимназияға - Барян
Тұрсыновтың есімі.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2000 жылғы 31 тамыздағы
N 1325 қаулысына
2-қосымша

Қайта аталуға жататын білім, мәдениет ұйымдарының
және темір жол станциясының тізбесі

Алматы облысы бойынша

Ескелді ауданы Көкжазық кенттік округіндегі Троицк орта мектебі -
Балпық би атындағы орта мектеп;

Ескелді ауданы Қарабұлақ кенттік округіндегі С.М.Киров атындағы орта мектеп -
Социалистік Еңбек Ері Нұрмолда Алдабергенов атындағы орта мектеп;
Ескелді ауданы Н.Крупская ауылдық округіндегі Н.Крупская атындағы орта мектеп
- Бақтыбай Жолбарысұлы атындағы орта мектеп;
Ескелді ауданы Қайнарлы ауылдық округіндегі Д.Фурманов атындағы орта мектеп -
Қаблиса жырау атындағы орта мектеп;
Қаратал ауданы Қанабек ауылындағы "Красный Восток" орта мектебі - Қанабек
Байсейітов атындағы орта мектеп;
Қаратал ауданы Жасталап ауылындағы "СССР-дің 60 жылдығы" атындағы

орта мектеп - Құлжабай батыр атындағы орта мектеп;

Еңбекшіқазақ ауданының Есік қаласындағы В.И.Ленин атындағы орта
мектеп - Қаныш Сәтбаев атындағы орта мектеп;

Балқаш ауданы Көктал ауылындағы Ю.Гагарин атындағы орта мектеп -
Әниятолла Ахметов атындағы орта мектеп;

Жамбыл ауданындағы Ұзынағаш темір жол станциясы - Қазыбек бек темір
жол станциясы;

Батыс Қазақстан облысы бойынша

Ақжайық ауданындағы Каленый орта мектебі - Социалистік Еңбек Ері Сұлтан Ошанов атындағы орта мектеп;

Батыс Қазақстан облыстық Н.Крупская атындағы ғылыми-әмбебап кітапхана

- Жұбан Молдағалиев атындағы Батыс Қазақстан облыстық ғылыми-әмбебап кітапхана;

Ақжайық ауданы Сайқұдық ауылындағы "Өленті" орта мектебі

- Жұбан Молдағалиев атындағы орта мектеп;

Жамбыл облысы бойынша

Т.Рысқұлов ауданындағы Қарақыстақ ауылдық округіндегі Каменка орта мектебі - Бауыржан Момышұлы атындағы орта мектеп;

Талас ауданы Қаратау қаласындағы N 2 кәсіптік-техникалық лицейі - Анатолий Шеин атындағы кәсіптік-техникалық лицей;

Талас ауданы Үшарал ауылдық округіндегі Үшарал орта мектебі - Әбдір Сағынтаев атындағы орта мектеп;

Қарағанды облысы бойынша

Ақтоғай ауданындағы М.Горький атындағы орта мектебі - Әлихан Бөкейханов атындағы орта мектеп;

Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша

Түркістан қаласындағы И.С.Никитин атындағы N 8 орта мектеп - Нәзір Төреқұлов атындағы орта мектеп;

Шымкент қаласындағы N 66 орта мектеп - Қазығұрт орта мектебі;

Шымкент қаласындағы В.Маяковский атындағы N 2 орта мектеп - Әлихан Бөкейханов атындағы орта мектеп;

Шымкент қаласындағы Н.Островский атындағы N 4 орта мектеп - Халел Досмұхамедов атындағы орта мектеп;

Шымкент қаласындағы Ф.Э.Дзержинский атындағы N 6 орта мектеп - Жүсіп Баласағұн атындағы орта мектеп;

Шымкент қаласындағы Н.К.Крупская атындағы N 15 орта мектеп - Дмитрий Менделеев атындағы орта мектеп;

Шымкент қаласындағы П.Попович атындағы N 19 орта мектеп - Өзбекәлі Жәнібеков атындағы орта мектеп;

Шымкент қаласындағы А.Леонов атындағы N 22 орталау мектеп - Қорқыт ата атындағы орталау мектеп;

Шымкент қаласындағы В.В.Куйбышев атындағы N 30 орта мектеп - Ораз Жандосов атындағы орта мектеп;

Шымкент қаласындағы А. Николаев атындағы N 33 орта мектеп - Кенесары Қасымұлы атындағы орта мектеп;

Шымкент қаласындағы И.Мичурин атындағы N 36 орта мектеп - Қазыбек би атындағы орта мектеп;

Шымкент қаласындағы К. Маркс атындағы N 39 орта мектеп - Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектеп;

Қазығұрт ауданы Көкібел ауылдық әкімшілігіндегі В.В Куйбышев атындағы орталау мектеп - "Майбұлақ" орталау мектебі;

Қазығұрт ауданы Көкібел ауылдық әкімшілігіндегі Ф.Энгельс атындағы орта мектеп - Кеңес Одағының Батыры Сабыр Рахымов атындағы орта мектеп;

Қазығұрт ауданы Қазығұрт ауылдық әкімшілігіндегі В.И.Ленин атындағы мектеп-гимназиясы - "Болашақ" мектеп-гимназиясы;

Қазығұрт ауданы Шарбұлақ ауылдық әкімшілігіндегі Қызылту бастауыш мектебі - "Ащыбұлақ" бастауыш мектебі;

Қазығұрт ауданы Шарапхана ауылдық әкімшілігіндегі К.Маркс атындағы орта мектеп - Махамбет Өтемісұлы атындағы орта мектеп;

Қазығұрт ауданы Рабат ауылдық әкімшілігіндегі Жданов атындағы орта мектеп - Кеңес Одағының Батыры Қарақозы Әбдалиев атындағы орта мектеп;

Ордабасы ауданы Шұбар ауылдық әкімшілігіндегі Октябрь бастауыш мектебі - "Сарытоғай" бастауыш мектебі;

Сарыағаш ауданы Біртілек ауылдық округіндегі Буденный атындағы бастауыш мектеп - Сырбай Мәуленов атындағы бастауыш мектеп;

Сарыағаш ауданы Жемісті ауылдық округіндегі Мичурин атындағы орта мектеп - Алыбай батыр атындағы орта мектеп;

Сарыағаш ауданы Жібек жолы ауылдық округіндегі Полтарацкий атындағы орта мектеп - Әлкей Марғұлан атындағы орта мектеп;

Сарыағаш ауданы Дербісек ауылдық округіндегі Н.К Крупская атындағы орта мектеп - Елшібек батыр атындағы орта мектеп;

Сарыағаш ауданы Қошқарата ауылдық округіндегі Калинин атындағы орта мектеп -

Нұрғиса Тілендиев атындағы орта мектеп;
Сарыағаш ауданы Ошақты ауылдық округіндегі "Қызыл жұлдыз" бастауыш мектебі
- Сапарғали Бегалин атындағы бастауыш мектеп;
Төлеби ауданы Бірінші Мамыр ауылдық округіндегі "Красный Луч" орта мектебі - "
Ынтымақ" орта мектебі;
Төлеби ауданы Қазығұрт ауылдық округіндегі "Қызылқанат" орталау мектебі - "
Ақайдар" орталау мектебі;
Төлеби ауданы Қазығұрт ауылдық округіндегі "Қызыл байрақ" орта мектебі - "
Сұлтан Рабат атындағы орта мектеп;
Төлеби ауданы Қаратөбе ауылдық округіндегі "Қызылжалау" орта мектебі - "
Қостөбе" орта мектебі;
Шардара ауданы Шардара қаласындағы В.Дубинин атындағы бастауыш мектеп - "
Арнасай" бастауыш мектебі;
Шардара ауданы Ақшеңгелді ауылдық округіндегі "Қазақ ССР-нің 60
жылдығы" атындағы орта мектеп - "Егізқұм" орта мектебі;
Шардара ауданы Жаушықұм ауылдық округіндегі Юбилейный орта мектебі -
"Жаушықұм" орта мектебі;
Шардара ауданы Қоссейіт ауылдық округіндегі "Восход" орта мектебі -
Сырдария орта мектебі;
Шардара ауданы Ұзыната ауылдық округіндегі "Комсомол" орта мектебі -
"Ұзыната" орта мектебі.

Мамандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.